

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны бастауыш әдістемелік бірлестік мүшелері қатысуымен болып өткен отырысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

07.01.2024 жыл

Қатысқандар - 49

Қатыспағандар-жок

Қаралды:

1. I жарты жылдық қорытындысы бойынша есебі;
2. II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі;
3. 4 сынып оқушыларының ББЖМ бойынша дайындық дәрежесі;
4. 1-4 сыныптарға математика пәні сабақтарына ену қорытындысы;
5. Әр түрлі мәселелер

ӘБ жетекшісі Жусипбекова Г. Жолшора А.

Тыңдалды:

1. Алғашқы сөз кезегін ӘБ жетекшісі Жусипбекова Гүлнұр сөз алып, I жарты жылдықтың аяқталуы әдістемелік жұмыстардың қорытынды есебіне және пән мұғалімдерінің I жарты жылдық қорытындысы бойынша есебіне тоқталып өтті. 2023-2024 оқу жылында әдістемелік бірлестік «Сапалы білім бере отырып, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелейтін мектеп» деген тақырыпта жұмыс атқаруда. Мақсаты: «Сабақта жаңа технология әдістерін қолдана отырып, оқушылардың біліктілігін арттыру. Білімді функционалдық және шығармашылық дағдылармен қолдану».

Бірлестікте жалпы 49 мұғалім жұмыс атқарады. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде «Педагог- зерттеуші» біліктілік санатында – , «Сарапшы – педагог» -, «Педагог-модератор»-, «Педагог»-. Пән мұғалімдерімен өзара сабаққа ену, ашық сабақтарға қатысу, интернет жүйесімен жұмыс жасау жүргізілуде.

2. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша, ӘБ жетекшісі II тоқсандағы оқу процесінің үлгерімі жайлы сөз қозғады. 2023-2024 оқу жылының II тоқсанында оқушылардан алынған бөлім бойынша жиынтық бағалау (ББЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТБЖБ) жұмыстары уақытында алынып Kundelik.kz сайтына қойылып отырды.

Сыныптар	Оқушы саны	Орта балы	Білім сапасы
2 Ә	25	4,05	52
2 Б	28	4,01	53,57
2 В	24	3,83	54,17
2 Г	28	4,13	57,14
2 Ғ	24	4,04	54,17
2 Д	24	4,03	54,17
2 Е	22	3,94	54,55

2 Ж	26	3,83	53,85
2 З	22	3,84	54,55
2 И	18	3,77	50
2 К	23	4,03	52,17
2 К	24	3,87	54,17
2 А	26	3,87	60
2 Параллель	314		
3 А	25	4,33	60
3 Ә	24	4,21	58,33
3 Б	21	4,16	57,14
3 В	22	3,94	54,55
3 Г	22	4,01	59,09
3 Ғ	25	4,09	56
3 Д	25	4	56
3 Е	24	3,98	54,17
3 Ж	23	3,91	52,17
3 З	24	4,04	54,17
3 И	25	3,89	52
3 К	24	4,05	58,33
3 Қ	24	3,91	54,17
3 Л	23	3,99	52,17
3 Параллель	331		
4 А	25	3,90	56
4 Ә	25	3,99	52
4 Б	24	3,91	54,17
4 В	25	3,88	52
4 Г	25	3,88	48
4 Ғ	24	3,93	54,17
4 Д	26	3,96	53,85
4 Е	25	3,85	52
4 Ж	24	3,77	54,17
4 З	22	3,91	54,55
4 И	23	3,79	52,17
4 Параллель	268	3,89	52,99

3. Келесі мәселе бойынша 4- сынып оқушыларының ББЖМ бойынша дайындық дәрежесі жайлы айтылды. Биылғы 4- сынып оқушыларына пән бойынша ББЖМ дайындық жоспары құрылып, әкімшілік тарапынан бекітілді. ББЖМ тапсыру ережелерімен таныстырылды, дайындық барысында уәждемесі төмен оқушылар анықталды, оларға арналған жұмыс жоспары түзілді. Тест тапсыратын пәнінен тақырыптық тесттер жинақталынды. 4- сынып оқушыларының ББЖМдайындығы жайында айтылды. Бірлестіктің ББЖ-ға арналған жоспары бекітілген. Соған байланысты уәждемесі төмен оқушыларға арналған жұмыс жоспары жасалынған, апталық тест жұмыстары алынып, оларға жасалған сараптамаалары мен тестке талдаулар дер кезінде алынуда. ББЖМ -ға жауапты 4-сыныптардың сынып жетекшілері дайындық жүргізілуде. Оның арнайы өткізу ережесі бекітілген. Ережені негізге алған білім беру ұйымы мектептің оқу үдерісіне сәйкес іс-шаралар жоспарын түзді. ББЖМ-ға дайындық ретінде байқау тестілеуін өткізіп, сараптама талдауын жасап, көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. ББЖМ дайындық сабақтары ұйымдастырылады, оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып дайындауға мектептің психологиялық қызмет көрсету орталығы өз көмегін тигізді. ББЖМ бойынша ата-аналарды хабардар етіп отырды.

4. Математика пәні сабақтарына ену барысында оқушылардың жеткен жетістіктері мен олқылықтардың орнын толықтырулар бойынша жұмыс жүргізуді жандандыру керектігі айтылды.

Жиналыс жоғарыдағы мәселелерді талқылай келе мынадай шешім етеді.

ШЕШІМ:

1. I жарты жылдық қорытындысы бойынша әдістемелік бірлестік жұмыстарының есебі мен пән мұғалімдердің есебі қанағаттанарлық деп табылсын;
2. 2-4 сыныптардың II тоқсандағы оқу процесінің үлгерім қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
3. 4- сынып оқушыларының ББЖМ бойынша дайындық барысы жандандырылсын;
4. Математика пәніне сабаққа ену қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын;
5. Пән апталығына дайындық жұмыстары жүргізілсін;

Жиналыс төрағасы
Жиналыс хатшысы



Жусипбекова Г.